Әртүрлі қашықтықтарда ақпараттың барлық түрлерін беру бойынша (соны ішінде корпоративтік) глобальды желі құру жобасы қарастырылады.

Дипломдық жоба бес негізгі тарауды қамтиды:

- тапсырманың берілуі;
- техникалық бөлім;
- есептеу бөлімі;

1-тарауда жобалау тапсырмалары негізделеді және берліген тапсырманы шешу жолдары қарастырылады.

Қызылорда облысында спутниктік байланыс желісін ұйымдастыру үшін есептеулер жүргізіледі.

2-тарауда жүйені есептеудің барлық техникалық принциптері ашылады:

- төмен орбитальды спутниктік жүйенің құрылымы мен құрамы;
- ғарыштық сегменттің құрамы;
- жер сегментінің құрамы;
- спутниктік байланыс желісін энергетикалық есептеу;
- борттық аппаратураның негізгі параметрлерінің құрамын анықтау;
- борттық ретрансляцияның құрылымдық схемасын жасау;

- GPS және INMARSAT заманауи байланыс жүйесінің негізінде ақпараттық қамтамасыз ету мен бақылаудың автоматтандырылған жүйесін құру.

Жобаның 3-тарауында келесі тапсырмалар орындалады:

- спутниктік байланыс желісінің аймағында радио сигналдарды өшуін есептеу;
- жіберу параметрлерін энергетикалық есептеу;
- қабылдау параметрлерін энергетикалық есептеу;
- негізгі станцияның электромагниттік сәйкестігін бағдарламалық есептеу.

2. Техникалық бөлім

2.1 Төмен орбитальды спутниктік байланыс жүйелерінің құрамы мен құрылымы

Жүйе пайдаланушыларға 70^0 глобалды масштабында байланыстың кең спектрде қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді. Бұл аймақта (дәлірек орташа ендікте) жүйедегі келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін спутник-ретрансляторлар қызмет көрсететін аймақтарды тұрақты екі есе жабуды қамтамасыз етеді [2,7,9]:

- пайдаланушыға байқалмай жүретін (ауысу операциясының алгоритмі төменде қарастырылады) абоненттердің спутниктен спутникке және сәуледен сәулеге үзіліссіз автоматты ауысуы;

- жергілікті рельефпен антеннаны көлеңкелеу мәселесін шешу маңызды болатын мобильді нысандармен байланыс сенімділігін арттыру. Соңғы тапсырма қабылдағыштың кірісіне келіп түсетін (әртүрлі шағылған сигналдар мен СР-ден) бірнеше сигналдарды когерентті қосу арқылы шешіледі;

«Глобалстар» ТОСБЖ келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- (телефон, мәліметтерді беру, факсимиле, пейджинг және т.б.) байланыс;

- Нысанның орнын анықтау;

- байланыс қызметтерін көрсеткенде телефонияның сапасы 1200-9699 бит/с айнымалы жылдамдықтағы CELP технологиясын пайдалануға негізделген. Жүйенің сипаттамасына (өткізгіштік қабілеті және т.б.) баға бергенде орташа жылдамдығы -2400 бит/с болады. Сөйлеу сигналын өндегенде шуды басып тастайды. Вокодер жаңғырықты басатын құрылғымен жабдықталған. Сандық ағынның айнымалы жылдамдығы мүмкіндік береді:

- Сөздердің үзілісіндегі командалық (қызметтік) ақпараттар сигналын беруді қамтамасыз етеді;

- Минималды жылдамдық (1200 бмт/с) кезінде абоненттік терминалдардың беру қуаты мен шлюздің парциалды (арналық) қуатын төмендету, жүйе ішіндегі арна аралық бөгеттерді азайту мен өткізу қабілетін арттыру кезінде;

- Мәліметтерді беру үшін арнаның $1.10E-6$ төмен емес сапасы болғанда 4800 бит/с жылдамдық пен пакетті режим қолданылады.

Код бөлу арнасы бар көпстанциялы қолжетімділікті (КБКҚ) пайдалану байланыс құпиялылығы мен ретрансляторға заңсыз қол жеткізуге қарсы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Нысандардың орнын анықтау қызметінде олар бірнеше факторларға тәуелді, дәлдікпен жүргізіледі:

- абоненттерге «көрінетін» спутниктердің саны;

- спутник координатын анықтау дәлдігі;

- абоненттің шлюзбен қосылу уақытының ұзақтығы;

- «абонент-спутник-шлюз» геометриясы;

-абоненттік терминал жиілік эталонының тұрақтылығы.

Абоненттің орнын автономды анықтау кезінде – ең аз дәлдік 10 км –ден аспайды. Шлюз орнын дәл анықтайды. Абонент үшін 22^0 –тен кем емес екі спутникпен орнын анықтау дәлдігі 10 секундтан аспайтын уақытта 0.95 ықтималдықта 300 м-ге жетуі мүмкін.

Абоненттік аппаратура қатар орындалған – байланыс және орнын анықтау, бірақ тек орнын анықтауды ғана пайдалануға болады. Бұл жағдайда орнын анықтау операциясы шлюзде немесе орталық станцияда жүргізіледі.

Жүйені жасау негізіне келесі негізгі принциптер жатады:

- қарапайымдылық пен қолжетімділік;
- минимальды техникалық тәуекел – тексерілген техникалық шешімдерді (технологияларды) пайдалану;
- қолданылған технологиялар синергетикалық жүйеге біріктірілген, сондықтан бүтін бөлігі бөліктердің қосындысынан көп болады;
- жиіліктік диапазонын пайдаланудың максималды тиімділігі;
- бар болатын инфрақұрылымдар мен байланыс қызметтерін максималды пайдалану;

«Глобалстар» спутниктік байланыс жүйесі келесі сегменттерді қамтиды (2-көрсету парағы):

- ғарыштық;
- абоненттік (пайдаланушы сегменті);
- жер (қамтамасыз етуші);
- «Глобалстар» жүйесінің арналары түйісетін жердегі байланыс желісі.

Жүйе элементтерінің құрылымдық схема негізіндегі өзара әрекетінің негізгі міндеттері 2-көрсету парағында келтірілген.

2.2 Ғарыш сегментінің құрамы

Globalstar жүйесінің орбитальды топтамасының құрамына 2.1- суретте көрсетілген сегіз шеңберлі орбитада (әрқайсысында алты спутниктен) орналасқан 48 төмен орбитальды спутник-ретрансляторлар кіреді.

Жер бетінен орбитаның биіктігі 1414 км-ге жетеді. Орбиталардың көлбеулігі ($i = 52^{\circ}$) орташа ендікте абоненттерге қызмет көрсетудің максималды жиілігін қамтамасыз етеді. Бұл жүйедегі ғарыштық сегменттің полярлы аймақтарына (70^0 с.е. пен 70^0 о.е.-ден биік) қызмет көрсетілмейді (2.1-сурет) [7,12].



Сурет 2.1 - Globalstar жүйесі: 8 орбитада 48 спутник

Спутник келесі параметрлермен сипатталады:

- спутниктің салмағы – 390 кг;
- күн батареясының қуаты – 1.1 кВт;
- күн батареясының панельдері (rotate and tilt) жазықтықтарында бағдарланады;

- спутник-ретранслятордың (СР) тұрақтылығы үш осьті болады. Тұрақтылық пен бағдарлану жүйесінде құрылғы Жерде, күнде және лазерлі гироскопта пайдаланылады;

- навигация «Навстар» жүйесінің сигналы бойынша қамтамасыз етіледі.
- СР-дің белсенді өмір сүру мерзімі – 7.5 жыл.

Әрбір спутникке қаттылық, электр энергиясын шығындау, бағдарлау, тұрақтылық және т.б. бойынша белгілі талаптар қойылады.

Әрбір спутник (2.2-сурет) Жер мен Күн, сонымен қатар лазерлі гироскоптар бойынша бағдарлау құрылғысынан тұратын үш тұрақтандыру жүйесіне ие болады [12,13].

Телекомандалық жүйе Жерге қараған СР жағында антеннасы болады. Ол спутниктің бағдары бұзылған кезде пайдаланылуы мүмкін. Командалық ақпараттың берілу жылдамдығы – 0.1 кбит/с, ал телекоммуникалық – 1 кбит/с болады.

Ғарыштық сегмент ғарыштық топтамаларды көрсететін бірнеше спутник-ретрансляторларды (СР) қамтиды. Спутник-ретрансляторлар ереже бойынша белгілі орбиталарда біркелкі орналасады.

«Глобалстар» ТОСБЖ шеңберлі орбитада 8 жазықтықта (6 дан) біркелкі орналасқан 48 СР-ді қамтиды. Жазықтықтардың көлбеулігі $i=52^{\circ}$. СР айналу периоды $T_{\text{айн}} = 114$ мин. Орбитаның биіктігі $H_0 = 1414$ км. Орбитаның параметрлері жер бетінде орташа ендікте қызмет көрсетудің максимальды еселігін қамтамасыз етеді. Полярлы аймақтарға (70° с.е. пен о.е.) қызмет


көрсетілмейді. Жалпы түрде мынандай габариттерді 1.78 x 0.96 x 0.58 м көрсетеді.



Сурет 2.2 - Globalstar спутнигінің сыртқы түрі

Кез-келген спутник-ретранслятордың құрамына келесі негізгі элементтер кіреді (2.3-сурет):

- Орталық процессор;
- БРТК радиоэлектронды жабдық;
- Антенналық жүйелер;
- Бағдарлау мен тұрақтылық жүйесі;
- Қозғалтқыш қондырғы;
- Қоректендіру жүйесі (аккумуляторлық және күн батареясы).



Сурет 2.3 - Спутник-ретранслятордың негізгі элементтері

Төмен орбитальды спутник шамамен 1000 км биіктікте орналасады және орбитада 7км/с жылдамдықпен қозғалады. Оны жер бетінің кейбір нүктесінде (көріну уақыты) бақылауға болатын уақыт 14 минуттан аспайды. Осыдан кейін спутник көкжиек сызығына «кетеді». Үздіксіз байланысты (мысалы, телефонмен сөйлескен кезде) қолдау үшін, бірінші спутник қызмет көрсету аймағынан кеткенде, оны орнына екіншісі, содан кейін үшіншісі келуі қажет. Глобалды спутниктік жүйелер барлық жер бетіндегі өзінің антенналарын көзден таса қылмау керек. Бұл ұялы радиотелефонды байланыс принциптерін еске түсіреді, тек негізгі станцияның ролін спутник атқарады.

Абоненттің бір спутниктің көріну аймағында ғана емес, барлық Жер бетінде байланысын қамтамасыз ету үшін көршілес спутниктер өзара байланысып, ақпаратты мекен-жайына жеткенше, тізбекті түрде беруі керек. Бұл міндетті кейбір жүйелерде ақпаратты бір спутниктен басқасына жіберетін жердегі шлюздік станциялар орындайды.

Спутниктерді орбитаға сенімді жеткізу спутниктерді орбитаға шығаруға кететін қаржылық шығындармен байланысты болғандықтан, күрделі болады. Орбитаға бір спутник шығару үшін жобаға кететін барлық шығынның біраз бөлігін құрайтын 200 млн АҚШ доллары қажет болуы мүмкін.

Ғарыш индустриясының дамуы мен спутниктерді жасау мерзімін 2,5-3 жылға қысқарту спутник шығаруды ұйымдастыру қызметін ұсынатын компаниялардың пайда болуына алып келетін ракета-тасымалдағыштарға деген қызығушылықты арттырды. Қазіргі кезде ракета жасау технологиясын таңдау әдетте үш фактормен анықталады:

- Шығару құны;
- Ракетаның сенімділігі;
- Ракетаның техникалық мүмкіндіктері.

- Мамандардың сенімді пікірлері бойынша 2010 жылға қарай жердің маңайындағы орбитаға байланыс пен ғылыми зерттеулерге арналған 1500 ғарыш аппараттары шығарылады. Оларды жасау мен жіберуге ғана кететін шығын 45 млрд-тан аса АҚШ долларын құрайды. Алдағы жылдарда спутниктер геостационарлық орбитада (60%) спутниктер болады, төмен орбитальды (LEO) және орташа биіктіктегі (MEO) спутниктер үлесі 27-ге дейін және сәйкесінше 13%-ға артады.

Тасымалдағыштардың пайдалы жүктеме салмағына қарай келесі кластарға бөлінеді:

- ауыр;
- жеңіл.

Ауыр тасымалдағыштар кез-келген спутник орбитасына 1 тоннадан аса пайдалы жүк шығара алады.

Жеңіл класты ракеталар төмен жердің маңайындағы орбитадағы спутниктерге шығаруға арналған.

Ракета-тасымалдағыштар құрылымдық орындауы, мысалы, баспалдақтар саны (2-ден 4-ке дейін) немесе жүрдек блок арқылы ажыратылуы мүмкін.

Қазіргі кезде көбінесе орбитаға спутникті шығару схемасы пайдаланылады:

- алғашқы кезеңде спутник орбитаға шығарылады;
- келесі кезеңде орбитада берілген нүктеде энергетикалық қолайлы ұшу жүзеге асырылады.

- Бұл схема құрамында арнайы жүрдек блоктың ракета – тасымалдағыштары бар болса немесе ауыр болмаған жағдайда спутниктің белдеуді қозғалтқышының көмегімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Ауыр класты ракета-тасымалдағыштарға 1 тоннадан артық пайдалы салмақты көтере алатын тасымалдағыштар жатады (2.1-кесте) [12].

Кесте 2.1- Ауыр класты ракета-тасымалдағыштар

Үлгісі	Алғаш шығарылған уақыты	Орбитадағы максималды жүктеме, кг		құны млн АҚШ доллары
		LEO	GEO	
1	2	3	4	5
«Зенит»(Украина)	13 сәуір 1985 ж.	13 740	3800	65
«Протон-К» (Ресей)	11 сәуір 1994 ж.	20 000	3900/2600	65
Ariane 42 L (ESA)	12 мамыр 1993 ж.	7400	3350	90
Ariane 44 P (ESA)	4 сәуір 1991 ж.	6900	3290	70
Ariane 44 L (ESA)	4 маусым 1989 ж.	9600	4460	115
Ariane 5 (ESA)	4 маусым 1996 ж.	18 000	6800	125
Atlas 2A (АҚШ)	10 маусым 1992 ж.	6800	2900	85
Atlas 2AS (АҚШ)	16 желтоқсан 1993 ж.	8400	3600	115
Delta II (АҚШ)	26 қараша 1990 ж.	5000	1870	50
Delta III (АҚШ)	27 тамыз 1998 ж.	8346	3810	Н/Д
Titan 4 (АҚШ)	14 маусым 1989 ж.	17 700	14 100/6350	315
Titan 4B (АҚШ)	23 ақпан 1997 ж.	21 640	18 600/8620	350
Long March CZ-3A (Қытай)	8 ақпан 1994 ж.	7200	2300	45
Long March CZ-3.B (Қытай)	14 ақпан 1996 ж.	Н/д	4850	70
H-2 (Жапония)	3 ақпан 1994 ж.	10 500	4000/2200	120

Олар бір спутник және спутниктер тобын орташа биіктіктегі және төмен жердің маңайындағы, геостационарлық орбиталарға жіберуді қамтамасыз етеді. Орбитаға бір уақытта 12 спутникке дейін топтық ұшыру орбитальдық топтама құруға кететін шығынды азайтып, сонымен бірге бастапқы кешеннің қосынды жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Ғарыштық техниканың мүмкіндіктері Iridium жүйесін бүкіл әлемге көрсетті. Қысқа мерзімде орбитаға 90-ға жуық

спутник шығарылды, оларды жіберу Delta II (АҚШ), «Протон» (Ресей) и Long March (Қытай) сияқты әлемдегі әртүрлі космодромнан және түрлі типтегі ракета тасымалдағыштар шығарылды.

Ariane ракета-тасымалдағыш басынан «европалық», яғни Европа елдері үшін спутник ұшыруды қамтамасыз етеді. Оны жасауға көптеген алдыңғы қатарлы: Aerospatiale (Франция), Matra Marconi Space (Англия, Франция), Fiat-BDR Difea Spazio (Италия), DASA (Германия) елдерінің ғарыш компаниялары ат салысты. 1988 жылы маусымда ракета-тасымалдағыштардың төртінші буынына кіретін Ariane 40 шығарылды. Қазіргі кезде барлық коммерциялық ұшырудың жартысы оның көмегімен жүзеге асырылады. Ariane 44 LP және Ariane 44 L ракета-тасымалдағыштар орбитаға Eutelsat 2F1, 2F2, 2F4, 2F5, 2F6 спутниктерін шығарды.

Atlas тобын Lockheed Martin компаниясы (АҚШ) жасап шығарды. Коммерциялық ұшырулар 1997 жылдан басталды. Екінші буынына Atlas 2, Atlas 2A және Atlas 2AS сияқты белгілі ракеталар жатады. Atlas 2A ракета тасымалдағышының көмегімен Centaur аудандық блогымен орбитаға Eutelsat 2F3, AMSC 1 және басқа да спутниктер шығарылды. Delta тасымалдағышын құрастыруын 50-жылдардың ортасынан бастап McDonnell Douglas (АҚШ) компаниясы жүргізді. Алғышқы ұшыру (1960 жылдардан бастап) әскери мекемелер мен АҚШ федералды қызметтері үшін жасалды, коммерциялық ұшыру алғаш рет 1989 жылы тамыз айында өткізілді. Delta тобының ракеталары ең сенімді түріне жатады. Әлемге әйгілі Delta II ракета-тасымалдағыш орбитаға GPS-тің 24 спутнигін, Iridium-нің 50 спутнигін және Globalstar-дың 8 спутнигін шығаруға көмектесті.

Long March («Ұлы жорық») ракетасы - CALT (China Academy of Launch Vehicle Technology) қытай компаниясының ұрпағы. Long March CZ-1 бірінші ұшуы төмен орбитаға алғаш Dongfan-gnong 1 қытай спутнигі шығарылған кезде болды. Соңғы бес жылдың нәтижесі бойынша Long March ракетасының сенімділік көрсеткіші төмен: спутникті жеткізу ықтималдығы 0,77-ге тең болған.

«Протон» ресейлік ракетасын М. В. Хруничев атындағы ГКНПЦ жасады. Ол ұшырудың жоғары сенімділігін – 0,96 (соңғы 10 жылдағы деректер) қамтамасыз етеді. «Протон» ракетасы орбитаға «Горизонт», «Галс», «Экспресс» ресей спутниктерін, Astra 2A, Echostar 4, Panamsat 8, 21 спутник Indium (7 КА бойынша 3 ұшу) және т.б. шет ел спутниктерін шығарды. Барлық ұшырудал «Байқоңыр» ғарыш алаңында жүзеге асырылды.

«Зенит» ракета-тасымалдағыштарын құрастыру, дайындау мен коммерциялық ұшыруды ұйымдастыруды НПО «Южное» (Днепропетровск, Украина) жасайды. Жүрдек блокты РКК «Энергия» жасаған. «Зенит-2» және «Зенит-3» ракеталарын ұшыру «Байқоңыр» ғарыш алаңында жүзеге асырылады. Ұшу сенімділігі жоғары емес (0,77). Ең жағымсыз ұшулардың бірі Globalstar-дың 12 спутнигі бірден шығын болған кезде орын алды. Құрастырушылар «Теңіз старты» (Sea Launch) деп аталатын халықаралық бағдарлама аясында жасалған «Зенит-3SL» ракетасына үлкен үміт артады.

Аз жүк көтергіш жеңіл класты ракета-тасымалдағыштар төмен орбитальды топтар жасауға арналған (2.2-кесте)

Олар топтық және жеке ұшыруды орындайды. Жеңіл төмен орбитальды спутниктер орбитаға дәстүрлі стационарлы немесе оңтайлы жіберу кешенінің көмегімен, соның ішінде самолет бортынан шығарылады.

Кесте 2.2 - Жеңіл класты ракета-тасымалдағыштар

Түрі	Алғаш ұшырылған уақыты	LEO орбитасы үшін макс, жүктеме, кг	Құны., млн. АҚШ долл.
«Космос» (Ресей)	18 тамыз 1964 ж.	1000	8
«Рокот»(Ресей)	26 желтоқсан 1994ж.	1850	Н/д
Athenn 1 (АҚШ)	15 тамыз 1995 ж.	795/515	16
Conestoga (ақш)	23 қазан 1992 ж.	2100	12-25
Pegasus XL (АҚШ)	27 маусым 1994 ж.	455	13
Taurus (АҚШ)	13 наурыз 1994 ж.	620/430	15
GSLV (Үндістан)	2 қараша 1997 ж.	350	Н/д
Shavit (Израиль)	19 қыркүйек 1988 ж.	150	Н/д
VLS (Бразилия)	2 қараша 1997 ж.	350	Н/д

Жеңіл спутниктерді жіберу материалдық шығынды көп қажет етпейтіндіктен, осындай спутниктерді жеке ғарыш алаңы жоқ елдер пайдаланады. Arlanespace фирмасының бағалауы бойынша жуырда LEO класының шағын спутниктерінің үлесі барлық ұшырулардың 15% -ын құрайды.

Athena ракета-тасымалдағышын Lockheed Martin Missiles (АҚШ) компаниясы құрастырып, дайындайды. Athena I алғаш ұшырылуы сәтсіз болды: басталған сәттен 3 минуттан кейін жоюға команда берілді, нәтижесінде екі төмен орбитальды спутниктер Gemstar-1 и Vitasat-1 жарамсыз болып қалды. Алайда бүгін бұл – сенімді ракета-тасымалдағыштардың бірі.

Conestoga (АҚШ) ракетасы сипаттамасы бойынша ресейлік «Космос» ракетасына ұқсайды. Оны құрастыру, дайындау мен коммерциялық пайдалануды ұйымдастыруды ERR Systems (АҚШ) компаниясы жүзеге асырады. NASA-мен келісім бойынша Conestoga ракетасы орбитаға үш COMET спутнигін шығару керек еді, бірақ олардың біреуін 1995 жылы ұшырғанда ол сәтсіздікке ұшырады, ұшқаннан кейін көп кешікпей Conestoga жарылып кетті.

«Космос» ракета-тасымалдағыш континентаралық баллистикалық орташа алыстықтағы ракета және төмен орбитаға спутник шығаруда артықшылықтарға ие болған. Мұндай ракеталарды «Полет» ПО (Омск) шығарады. «Космос-3М» ракетасының көмегімен орбитаға көптегн отандық және шет елдік спутниктер, соның ішінде Faisat шығарылған.

2.3 Жер сегментінің құрамы

Жер сегментінің құрамына мыналар кіреді[2,7,12]:

- ұшудың басқару орталығы (ҰБО);
- байланысты басқару орталығы (ББО);
- стационарлы базалық станция желісі;
- түйіндік және абоненттік станция желісі.

Жүйені басқару орталығы спутникті қадағалау, олардың координатасын есептеу, уақытты салыстыру мен түзету, борттық аппаратураның жұмысқа қабілеттілігін диагностикалау, қызметтік (командалық) ақпаратты беруді жүзеге асырады. Көрсетілген басқару функциялары телеметрикалық ақпараттың негізінде орбитальды топтардағы әрбір спутниктен түскен сигналды орындайды. Өртүрлі жұмыс режимінде ғарыштық топтарды басқару үшін штатты байланыс арналары сияқты (айқасқан спутниктік байланысты) және жеке аймақтық алшақтатылған командалық өлшеу станциясы пайдаланады. Осының арқасында жүйені басқару орталығы жеткілікті жеделдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

- Спутниктің берілген орбитаға шығу дәлдігі мен ұшуын бақылау;
- Әрбір спутниктің жағдайын бақылау;
- Орбитамен жеке спутникті басқару мен бақылау;
- Спутникті штаттан тыс жұмыс режимде басқару мен бақылау;
- Спутникті орбитальды топтардың құрамынан шығару.

Ғарыштық топтарды басқаруға талдау жасау мен басқару тобының мамандары жүргізеді. Спутникке қызметтік ақпараттар беру аймақтық алшақтатылған негізгі және қосалқы командалық өлшеу станциялары арқылы жүзеге асырылады.

Спутниктерді ұшыру орталығы ұшу бағдарламасын анықтайды, ракета-тасымалдағыштарды жинап, оларды тексереді, сонымен бірге спутниктің пайдалы жүктемесін анықтайды. Байланысты басқару орталығы жүйені басқару орталығымен бірігіп, спутник ресурстарын пайдалануды жоспарлайды. Байланысты басқару орталығы ұлттық шлюздік станциялар арқылы талдау жасау мен бақылау, басқаруды іске асырады.

Байланыстың жеделдігіне қарай абоненттердің өзара орналасуы абоненттер арасындағы өзара байланыстың келесі нұсқалары ұйымдастырылады және әртүрлі топтағы пайдаланушылардың талаптары көрсетілген қызмет түрлеріне қарай болады (2.4-сурет):


Егер абонент бір спутниктің радио көріну аймағында болса, нақты уақыттағы байланыс. Сөз сигналдарын беруде бөгелу тек сигналдың таралу уақыты мен спутникте хабарламаны өңдеумен анықталады;

- Спутниктердің радио көріну аймағынан орналасқан түйісудің жер станциясы арқылы хабарлама тарату;

- Егер абонент әртүрлі КА радио көріну аймағында болса спутник аралық байланыс;

- Өртүрлі географиялық аймақта орналасқан абоненттер арасында виртуалды арна қалыптастыратын спутник бортына (электронды «почта жәшігі») ақпарат алмастыру.

Үлкен ара қашықтықта орналасқан абоненттер үшін спутник аралық желілер көмегімен жасалған байланыс арнасының ұзындығы сигналдың бөгелуіне әсер ететін жердегі желіге қарағанда әлдеқайда үлкен.



Сурет 2.4 - Спутниктік жүйені пайдаланушылар

Шлюздік станция әрқайсысы диаметрі 3,4 м болатын бағушы параболалық антеннамен жабдықталған төрт бірдей қабылдауды жіберетін кешеннен тұрады. Антеннаның құрылымы сәулелендіретін айна, антенналы-толқын өткізгіш тракт, электр желісі бар тірек бұрылу құрылғысын, дәлдеу мен авто ілесіп жүретін аппаратураларды қамтиды. Антеннаның айнасы алюминий қоспасынан жасалған және сәлелендіргіш ретінде конустық рупор қолданылатын беттік профилі болады. Айна секцияларының саны антеннаның өлшеміне (мысалы, диаметрі 12 м болса, 15 болуы мүмкін) байланысты. Қазіргі кезлегі жоғары токты технологиялар күшейту коэффициенті 60-70 дБ антенналар жасауға мүмкіндік береді.

2.4 Борттық аппаратураның негізгі параметрлері мен құрамын анықтау

Борттық ретрансляторларды байланыс желісінде пайдаланылатын спутниктерде орнатылады. Ретрансляторлар жер станциясынан берілетін сигналдарды қабылдау мен жер станциясына бағыттап Жерге сигналдарды керісінше сигналдарды беруді жүзеге асырады. Әдетте спутниктер – бірнеше қабылдайтын және жіберетін параллельді дінгекті көп функционалдық құрылғы. Спутниктің борттық аппаратурасының құрамына мыналар: қабылдауды

жіберетін антенналық кешендер; қабылдау жіберу құрылғысы, жылы режимін қамтамасыз ететін жүйелер, тұрақтандырулар, мен кеңістіктегі жағдайларды түзету кіреді [12].

Ретранслятордың негізгі параметрлеріне сәулеленудің тиімді қуаты жатады. Ол децибел-ваттпен (дБВт) өрнектеледі және борттық антеннаның күшейту коэффициентіне антеннаға берілген қуаттына тең. Мысалы, күшейту коэффициенті 15,5 дБ, фидердегі шығынды алдып тастағанда 10 дБВт болғанда желісі төмен бағытталған антенналы ретрансляторда тиімді қуат $10+15,5=25,5$ дБВт-ға тең. Егер ретрансляторда бірнеше беру антеннасы немесе көп сәулелі антенна орнатылса, онда тиімді шығарылған сәулені әрбір антенна немесе сәуле үшін анықтайды. Сәулелердің саны ретранслятордың параметрі болып табылады.

Осы және басқа да талаптар қарама-қайшы және қиын орындалады. Минималды масса мен температураның көп төмендеуі мен аппаратураның тұрақты параметрлерін сақтау кезінде қажет болатын ретранслятордың шығыс қуатын іске асыру өте қиын. Осыған байланысты борттық аппаратура жер жағдайында жұмыс істейтін ұқсас аппаратураның құрылысы бойынша ерекшеленеді. Бұл аппаратураның кейбір ерекшеліктері төменде келтірілген [7,9]. Көптеген спутник-ретрансляторларда негізгі қондырғыны аппаратураның қолайлы температуралық режимде, оны ғарыштық сәулеленуден, микрометеордан қорғайтын газды ортада герметикалық бөліктерде орналастырады.

Аппаратураның диэлектрлік бөлшектері ғарыш сәулелерінің құрамына кіретін электрондармен зарядталуі мүмкін. Бұл бөлшектердің арасындағы потенциалдар айырмасы кернеудің ойылуы немесе микрозарядтар артуына алып келеді. Ретранслятор бөлігінің ішіне енетін жоғары энергиялы электрондар бұл бөліктерде диэлектрлік материалдарда зарядтар жиналуына алып келеді. Паразитті сигналдар аппараттың ішіне еніп сыртқы қорғаныс құрылғысын әлсіретеді.

Герметизацияланған бөлікте аппаратураның негізгі бөлігі орналасады, ол жыл режимін қамтамасыз ететін құрылғының көмегімен берілген температуралық режимді қолдайды. Мұндай жүйе ғарыш кеңістігінде табиғи конвекция болмағанда қажет. Температураның төмендеуі $+60^0$ -ден -150^0 -қа дейін болады. Конвекция болмағандықтан, сәулелену арқылы жылу алмасады.

Ретрансляторға арнайы қоректендіру жүйесі мыналар тән: күн батареясы немесе жердің көлеңкесінде спутникті табу кезінде аккумуляторлар. Басқа да перспективалық қоректендіру көздері жасалып жатыр.

2.5 Борттық ретранслятордың құрылымдық схемасын әзірлеу

Борттық ретранслятор өзінің атқаратын міндеті мен орындайтын функциялары бойынша үш топқа бөлінеді [7,12]:

- тұнық;
- қалпына түсіретін (регенерация);
- құрама.

Тұнық ретрансляторлар кіріс және шығыс сигналдарды бортта өндемей-ақ қабылдап, түрлендіре беруге көмектеседі. Сонымен бірге құрамына бір немесе бірнеше процессор немесе арналарды коммутациялау үшін жиілігі жоғары толық қолжетімді матрица кіретін ретрансляторлар да тұнық деп аталыды, сондықтан қазіргі кезде тұнық және қалпына түсіретін ретрансляторлардың арасындағы шекараны анықтау қиын.

Регенеративті ретрансляторлар бортта сигналдарды өңдейтін ретрансляторлар (ОБР, On Board Processing) сияқты анықталады және демодуляцияға негізделген, яғни бір жиілікте сигнал қабылдағанда қайталанған демодуляцияда жаңа негізгі жиілікте болады. Мұндай ретрансляторларды пайдалану бір уақытта арналарды икемді қалыптастыру мен әртүрлі хаттамаларды пайдалана отырып, терминалдарды жалғауға мүмкіндік береді.

Құрама ретрансляторларда өңдеу тек белгілі сигналдарды (барлық арналардың қандай-да бір бөлігін) мысалы, басқа негізгі жиіліктегі сәйкес шынжырды өңдеуді орындайды.

Кең жолақты және тар жолақты сигналдарды (Intelsat, Eutelsat, Inmarsat және басқа) беру үшін қолданылатын борттық ретрансляторлар байланысты (bent pipe - «тура ойық») ұйымдастырғанда сигналдарды өндемейтін таралған қарапайым әрі дәстүрлі схемада жасайды. Әрбір ретрансляторда бір немесе әртүрлі антенналарға жалғанған қабылдайтын және жіберетін аппаратураның бірнеше жиынтығы орнатылған. Жеке қабылдап жіберетін спутниктік байланыс арналары дінгек немесе транспондер (transponder) деп аталады. Қазіргі кезде геостационарлық ғарыштық байланыс кешендерінде дінгектің саны 50ден асады, олар ретранслятордың өткізгіштік қабілетін жоғарылатуды іске асырады. Тұнық ретранслятордың басты ерекшелігі аралық жиілікте сигналдарды топтық түрлендіру демодуляция мен арналарды сүзгілеуден өткізбей жүзеге асыратындықтан аппараттық іске асыру қарапайымдығы болып табылады. Кемшілігі бірнеше жердегі станциялармен жұмыс кезінде кең жолақты жиілікте әлсіз сигналды күштірек ететін сызықты емес әсер туындататын, сонымен бірге паразитті амплитудалық модуляцияны фазалыққа түрлендіргеннен болатын интермодуляциялық бөгеттер болады.

Бұл әсерді болдырмау үшін тұнық ретрансляторларда квазисызықты режимде жұмыс істейтін таратқыштарды қолданады. Жұмыс жолағында бір күшті «бөгет болатын» сигнал пайда болғанда ретрансляциялық дінгек қабылдамауы мүмкін.

Бір арналы процессоры бар ретрансляторда қабылдаған сигнал қабылдағыштың шығысында әрқайсысында сигналдарды тұнық түрлендіруді жүзеге асыратын N арналарға бөлінеді. Бұл шешімнің артықшылықтарының бірі- бар болатын тұнық ретрансляторды құрамаға дейін жаңарту да сигналдары өңделген арналар әдеттегі ретрансляциялық дінгекке «орнатылады». Әртүрлі жылдамдықта жіберетін арналарды, әртүрлі кодтау алгоритмдерін пайдалануы

мүмкін ретрансляторлардың көрсетілген түрі ACES және ICO жүйесінде іске асырылған. Нақты емес уақытта ақпаратты өңдеу ретрансляторлары аймақтық станциядан қашықта қалған үшін (мысалы, теңіздегі кемелің бортында) пайдаланушылар үшін little LEO типіндегі спутниктік жүйелер пайдаланылады, басқа абоненттермен ғарыштық электронды «пошта жәшігі» арқылы байланыс жасалады. Электронды «пошта жәшігі» режиміндегі байланыс келесі түрде жүргізіледі. Абонент өз хабарламасын радио көріну аймағында бір спутник болса да пайда болған кезде ұйымдастырылады. Спутник хабарламаны қабылдап, оны борттық есте сақтау құрылғысына («пошта жәшігіне») жазып алады. Ақпарат қажетті аймаққа жеткенде жеткізушіге жөнелтіледі. Тасымалдау хаттамалары жеткізу мен спутниктердің саны, пакеттерді тасымалдау кезінде әрекет еткен жер станцияларының түйісуін қамтамасыз етеді.


Ретрансляторлардың мұндай түрі мәліметтер берудің («Гонец», «Orbcomm», «Cospas-Sarsat» және басқа) спутниктік жүйелерінде пайдаланылады. Спутник бортында ақпарат тасымалдауды жүзеге асыратын жүйеден байланыс үздіксіздігі емес, ал хабарламаны жеткізу сенімділігі талап етіледі, сондықтан олардың орбитальды топтары бірнеше спутниктерден тұруы мүмкін:

Борттық ретрансляторлар былай бөлінеді:

- гетеродинді
- жиілікті бір рет түрлендіру;
- радиосигналдардың демодуляциясы.

Гетеродинді ретрансляторлар тәжірибеде кеңінен пайдаланылады. Мұндай ретранслятордың дінгегінің схемасы 2.5-суретте келтірілген. Мұндағы $f_{пм}$ и $f_{пд}$ -қабылдау және беру жиілігі, АШК - аз шулы күшейткіш, T1 және T2 – жиілікті түрлендіргіштер, АЖК-аралық жиілікті күшейткіш, П және Г2-гетеродиндер, (ӨЖЖ) өте жоғары жиіліктегі ҚШК-қуатты шығыс күшейткіш. ҚШК қума толқындар лампасында (ҚТЛ) - кейде клистронда жиналады.

Ретранслятордың құрылымдық схемасы қабылдау мен жіберуге арналған антенналарды жалпы пайдалануға мысал болатын схемасы 3-көрсету парағында келтірілген.




Сурет 2.5 - ретранслятор дінгегінің қарапайым схемасы

Мұндағы АЖК1 мен АЖК2 - аралық жиіліктік күшейткіштер, АШ-амплитудалық шектеуіштер, ЖС-жолақты сүзгілер. Қабылдау және жіберу трактілері полярлық селектор мен С1 және С2 сүзгілер көмегімен шешіледі. Қабылдау мен жіберу трактілерінде жиілікті түрлендіру жеке Г1 және Г2 гетеродиндер көмегімен жүзеге асырылады. Гетеродиндер жиілігінің айырмасы жиіліктің ығысуы шамасына тең. Таратқыштың жалпы шығыс күшейткіштерін (ЖК) пайдалану осындай құрылымның жеткіліксіздігін құрайтын $(m f_{пд1} + n f_{пд2})$ түріндегі орташа жиіліктердің құрамдас бөлігінің ЖК шығысында пайда болады. Суретте АК-алдын-ала күшейткіш, ФВ-ферровитті вентиль.

$$f_{пд} = f_{пм} \pm f_{ығысу} \quad (2.1)$$

Бұл кезде аралық жиілік жолының қатысы болмайды, әрбір дінгекте гетерогенді ретранслятордағы сияқты екі емес, тек бір ғана жиілік жүзеге асырылады (8.8-сурет). $f_{ығысу}$ ығысу жиілігінің мәні осы радио байланысына желісінде қолданылған жиілік жолағына байланысты. Кең таралған жағдайда $f_{пм} = 6$ ГГц, $f_{пд} = 4$ ГГц, $f_{ығысу} = 2$ ГГц болады. Басқа желілерде $f_{ығысу}$ радио байланыстар басқаша, мысалы 750 МГц болуы мүмкін. Жиілікті түрлендіргіш пен жолдар арасында күшейтуді тарату арқылы осындай трансляторлардың тұрақты режимін алуға болады. Жиілікті бір рет түрлендіретін және жоғары және төмен желілерде бір сәулелі антеннасы бар көп дінгекті борттық трансляторлардың құрылымдық схемасын қарастырамыз. Екі қабылдағыш антенналардың біреуі А1 сол жақ шеңберлі поляризациялы СШП (2.6. а сурет), тақ дінгекті сигналдарды, ал А2 – оң жақ шеңберлі поляризациялы ОШП (2.6. б сурет) жұп дінгекті сигналдарды қабылдайды. Бұл көршілес дінгектерде сигналдарды жиілік бойынша бөлуді қарапайым жасайды.



Сурет 2.6 - Жиілікті бір рет түрлендіру мен жоғары және төмен желілерде бір сәулелі антенналы көп дінгекті борттық ретранслятордың құрылымдық схемасы


Әрі қарай әрбір дінгектің сигналдары Т түрлендіргіштердегі жиілік бойынша ығысады және ҚТЛ-дағы К1 және К2 алдын-ала және соңғы күшейткіштермен жүргізіледі, біріктіру құрылғысында БҚ жалғанады және сәйкесінше А3 және А4 жіберетін антенналарына келіп түседі.

Сигналдар демодуляциясымен борттық трансляторлар бортта келесі себептермен орындалады:

- бортта жер станциясына жөнелту алдында көп арналы хабарламаны қайта жасау мен бөлу қажеттігі;
- жоғары қарай желімен салыстырғанда төмендегі желілер модуляцияның тереңдігі немесе түрін өзгерткен жөн;
- ретрансляторда жер станциясынан берілген сандық сигналдар регенерациясы жүзеге асырылады.

Сигналдар демодуляциясымен ретрансляторлар құрылымына баға бергенде спутникті ұшырған соң модуляция түрін өзгерту мүмкін болмайды.

Алайда осындай желілер демодуляциясыз ретрансляторларға тән әмбебаптықтан айырылады. Осындай нұсқалардың құрылымдық схемасы 2.7-суретте келтірілген [7,9].



Сурет 2.7 - Бортта сигналдар демодуляциясымен борттық ретранслятордың құрылымдық схемасы

С сүзгілеу мен ҚШК қабылданған сигналдарының күшейткіштері, тізбектерге бөлу, аралық жиіліктерді сигналдарға түрлендіру мен

Өзекті мәселелердің бірі ретрансляторларды энергиямен қамтамасыз ету болып табылады. Борттық станцияларды энергиямен қамтамасыз ету электр энергиясын алу мен оны тарату, алғашқы көздер жұмыс жасамаған кезде сақтауды қамтамасыз етеді. Борттық аппаратураны электр энергиясымен жабдықтаудың негізгі құралы жартылай өткізгіш фотоэлементтер болып табылады. Күн батареясының типтік қуатының аудан бірлігі 10-нан 110 Вт/м², ең жақсы үлгіде 15% (шегі -25%), күн батареясының жарамдылық мерзімі метеорлық эрозиямен шектеледі. Қуаттың төмендеуі жылына орта есеппен 8%

батарея салмағының оның ауданына қатынасы $3...13.5 \text{ кг/м}^2$ -ты құрайды. Әрбір фотоэлемент $0,3...0,4 \text{ В ЭДС}$ -ны құрайды. Батареяларды спутниктің корпусына немесе арнайы лақтыратын панельге бекітеді [12].

Күн батареясынан $P_{кб}$ тұтынылатын қуат қондырғыны қоректендіру үшін қажетті максималды қуат пен аккумуляторды зарядтауға қажетті қуатпен есептеледі. $P_{кб}$ қуатын қамтамасыз ету үшін батарея бетінің ауданы $P_{кб}/P_0$ қатынасына тең болуы керек, мұндағы P_0 – құлаған күн радиациясының оның жарамдылық мерзімінің соңына қарай жасалған батареяның үлестік салмағы. Батареяның үлестік салмағы оның Күнге қатысты бағдарлау дәлдігіне байланысты. Ауданы 1м^2 батарея қалыпты жағдайда 140 Вт түрлендіре алады. Әдетте $P_0 = 70...100 \text{ Вт/м}^2$ болады.

Қазіргі кезде спутниктік байланыс жүйелері қашықтан байланысудың үнегізгі түрінің бірі. Бір бірінен бірнеше мыңдаған шақырым қашықтықта орналасқан жер пункттерінің арасындағы байланыс белсенді немесе белсенді емес ретранслятор ретінде пайдаланылатын ЖҚК көмегімен сантиметрлік толқындарда жүзеге асырылады. Сантиметрлік және дециметрлік толқындарда Жерден жүздеген миллион қашықтықта ғарыш корабльдерімен байланыс жасалады. Спутниктік жүйенің өткізгіштік қабілетін арттыру үшін бұрын пайдаланылған $4/6 \text{ ГГц}$ жиіліктік диапазонынан бүгінгі күнде $11/14$, $12/18$ и $20/30 \text{ ГГц}$ жаңа диапазондар меңгерілген.

Борттық көп сәулелі антенналар ретінде айналы, линзалық және фазаландырылған антенналық торлар (ФАТ) қолданылады. айналы көп сәулелі антенналардың негізгі ерекшелігі құнының арзандығы, сәулелендіргіш жүйесінің ыңғайлылығы, салмағының аздығы, құрылымының қарапайымдығы болып табылады. Антенналар полярлану бойынша (35 дБ -ден аз емес) жоғары шешімге ие болған.

Спутниктік байланыс жүйелерінің антенналарын дамыту облысының негізгі бағыттары мыналар:


- көп сәулелі борттық антенналарды пайдалану мен олардың өлшемін (болашақта үлкен көп сәулелі антенналар ірі габаритті орбитальды конструкцияларда жасалуы мүмкін);
- күшейту коэффициентін (шамамен 55 дБ -ге дейін) арттыру;
- өрістің кроссполярлану мен бүйірлі желектің деңгейі төмендейді;
- бейімделген антеннаны пайдалану
- жер станциясы антенналарының құны мен өлшемдерін азайту;
- электронды сканерлеуді пайдалану.

Спутниктік телевидениені қабылдау үшін әртүрлі конструкциялы антенналарды пайдаланады. Олардың ішінен кең таралғаны металл қабат түрінде рефлекторлы диполь торларынан, яғни фазаланған антенналық тордан жасалған планарлық (тегіс) антенналар. Диполь арқылы ұсталған сигналдарды қосады және конвертердің кірісіне келіп түседі. Фаза айналдыру арқылы әрбір дипольмен қабылданған сигналдың амплитудасы мен фазасын реттей отырып, жылжымайтын сияқты, өзгертін қабылдап-сканерлейтін бағыттың қосынды диаграммасын жасауға болады. Байқау жүйесін пайдалану арқылы инерциясыз

лезде электронды сканерлеу осындай антенналарды жылжымалы объектілерде (тікұшақта, ракеталарда немесе стационарлы емес спутниктерде) орнатуға мүмкіндік береді.

Әдетте өрістің шеңберлі поляризациялық антенналары қолданылады. шағын елді мекендерде қызмет көрсететін телевизиялық хабар тарату станциялары үшін бір айналы антенналар болады. Айналы антенналарға электромагниттік толқынның шағылуының алғашқы көздері - сол және басқа пішіндегі металл айналардың шағылысуы болып табылады. Қарапайым жағдайда айна үлкен өлшемді тегіс металл пластиналардан жасалады. Мұндай пластина сәулелену қалыпты жағдайдан айна бетінің бағытымен өтетін рефлектордың ролын атқарады. Екі жақты тік бұрыш жасайтын екі тегіс металл пластинасы түріндегі айна күрделі болып табылады. симметриялық вибраторды көрсететін сәулелендіргішпен бірге мұндай айналар бұрыштық антенналарды құрайды. Вибратор айнаның қабырғасына параллель пластиналардан жасалған екі жақты бұрыштың биссектрисасының жазықтығына орнатылады. Айналу параболоидты түріндегі айналы антенналар бағытталған қасиеттерге ие болады. Мұндай антенналар ине тәрізді бағыттылық диаграммасы деп аталатын екі жазықтықтағы тар бағыттылық диаграммасына ие болады. Бағыттылық диаграммасы бір жазықтықта тар, екіншісінде бірінші жазықтыққа перпендикуляр болса, онда айна ретінде айналуының қиылған параболоидын пайдалануға болады. Бірақ мұндай антенналарда біреуінде бағыттылық диаграммасының ені үлкен айрмашылықпен, басты жазықтықта басқаша болатын диаграмма алу қиын болады. сондықтан бағыттылықтың "веерлік" диаграммасын алу үшін сызықты сәулелегішті параболоидті цилиндр түріндегі айнаны пайдаланады.

Параболоидты антенналардың сәулелегіш айналары ретінде бір бағыттағы сәулелендіруге (айна жағына) ие болатын әлсіз бағытталған антенналарды қолданады. Сәулелегіштің фазалық орталығы айнаның фокусына қарай ығысады. Мұндай антенналар ретінде, дюралюминийлі түтіктен шеңберлі толқын өткізгішпен жабдықталған осьтік симметриялық параболалық рефлекторды пайдаланған ыңғайлы. 11 және 12 ГГц диапазондары үшін конвертер (араластырғыш, гетеродин және ҚШК) радиолокациялық және басқа да үш сантиметрлі диапазондағы ӨЖЖ құрылғыларда кеңінен пайдаланылатын стандарты тік бұрышты толқындардың қысқа кесінділерінің модульдер түрінде орындауға болады. Мұндай конвертерді антеннаның шеңберлі толқынына қосылу үшін шеңберлі толқын өткізгіштен тік бұрыштыға жатық ауысатын модульді жалғастырғыш қажет (2.8-сурет) [4]. Спутниктік телевидениенің хабар таратуы көлденең және тік радиотолқындар поляризациясымен жасалады. Сол немесе басқа поляризациямен қабылдау жалғастырғыш тетік модулінің бұрылуымен және параболалық рефлектордың артқы бетінде шеңберлі толқын өткізгіштің соңында және конвертердің барлық жерінде қамтамасыз етіледі.



Сурет 2.8 - Осьтік симметриялы параболалық антенна


Қазіргі кезде шағын конвертер тікелей параболалық рефлектордың фокусында орналасатын шағын конвертердің конструкциясы кеңінен таралды. Алайда рефлекторға бірнеше жеке модульден тұратын конвертерді орналастырғанда бұл модульдерді шағын емес модульді конвертерді параболалық рефлектордың жұмыс істейтін бетін қолмен немесе дененің бөлігімен көлеңкелемей тәжірибе жүргізу керек. Мұндай конструкцияда шеңберлі толқын өткізгіштің қысқа кесіндісіндегі қабылданған сигнал энергиясының шығыны аз және оны елемеуге де болады.

Конвертер параболалық рефлектордың фокусында орналасатын сәулелегіш пен конвертер арасында толқын өткізетін конструкциялардағы сияқты сәулелегіш пен толқын өткізгіш пен рефлектор арасында максималды келісімге қол жеткізу керек. Толқын өткізгіш осы тізбекте кума толқын режимінде болады. Осыған мақсатта параболалық антенналар параболалық рефлекторлар мен толқын өткізгіштің немесе конвертердің кірісінде сәйкес рупорлық сәулелегіштер болады. Алайда мұндай сәулелегіштер ұзын фокусты рефлекторларда антеннаның конструкциясы үлкен болатын және сәулелегіштерді рефлектордан ажыратуда пайдаланылады.

Сәулелегіш рефлектордың бетіне жақын орналасады, бірақ бұл кезде тар бағыттылық рупорлы диаграммасының орнына бағыттылықтың кең диаграммалы толқын өткізгішінің ұшы ашық түріндегі сәулелегіш қысқа фокусты рефлекторлы антеннаны қолдану дұрыс болады. Дөңгелек толқын өткізу негізіндегі сәулелегішті пайдалану кез-келген поляризацияның радио толқындарының энергиясын рефлектордан жинайды. Алайда тік бұрышты толқын өткізгіштің кесіндісі негізінде дөңгелек толқын өткізгіштің (дөңгелек сәулелегіш) конвертерге кірісінде дұрыс болмаған келісімде қосымша шағылысулар мен тұратын толқындар пайда болады. Модульді конвертердің кіріс тізбегінде энергия шығынын азайту үшін өзгертін ұзындықтағы дөңгелек толқын өткізгіш кесіндісін көрсететін кедергінің трансформатор-модулі


түріндегі құрылғыны пайдалануға болады (3.4-сурет) [3]. Бұл модульдің ұзындығын өзгерте отырып, осы тізбектегі пайдалы сигналдың шығынын азайтуға бағыттап конвертер кірісінде келісімге қол жеткізуге болады.

Параболалық осьтік симметриялы емес антенналарда шығарылған сәулелену мен конвертер рефлекторға түскен сигналдың қабылдаған қуат ағынынан рефлекторға түсетін жақта орналасады (2.9-сурет).



Сурет 2.9 - Осьтік симметриялы емес параболалық рефлектор

Осьтік симметриялы емес сәуле шығаратын (Offset Antenne) антенналардың рефлектордың орналасуы Жер бетіне тік бағытта жатуы оған атмосфералық жауын-шашынның (жаңбыр, қар, бұршақ және басқалар) түсуін азайтуға көмектеседі. Оңтүстікке қарағанда мұндай жауын-шашын жиі түсетін солтүстік ендікте өте маңызды. Қысқа фокусты параболалық рефлектордың бетінен қабылданған сигнал энергиясын толығымен жинау бір сәулеленумен жүргізілмейді. Мұнда қосымша гиперболалық айнаны (контррефлектор) қолдануға болады. Мұндай екі айналы антеннада (2.10-сурет) сәулелегіш өзі гиперболалық рефлектордан энергия жинайды.



Сурет 2.10 - Гиперболалық рефлекторы бар екі айналы антенна

Контррефлектор, мұнда рефлекторды бетін пайдалану коэффициенті (0,6 ... 0,7) одан энергияны жинағанда тиімді болатындықтан, оған түсетін сәулелерден көлеңке жасайды. Контррефлектордан энергия аз ашу бұрышты рупорлы сәулелгішпен жиналады. Мұндай екі кезенді энергия жинау негізгі рефлектормен сәулелегішті толық үйлестіреді. Конвертер кірісінде шағылған контррефлектордің орталығына түскен толқындар бос кеңістікке кетпейді, сондықтан тұратын толқындардың деңгейі артады.

Гиперболалық контррефлекторлы екі айналы антенна, мұндай қашықтағы аспан жарығынан, жарық сәулелерінің энергиясын жинау жүйесін, яғни телескоп ретінде 1672 жылы қолданылған Кассегреннің атымен атады. Бұрын 1663 жылы Грегори негізгі параболалық рефлекторлы және эллипсоидальық контррефлекторлы телескоптың екі айналы нұсқасын ұсынды. Грегори схемасы бойынша Кассегрен схемасындағы антеннаға қарағанда, контррефлектордың орындауын жоғары дәлдігін талап ететін ұзын фокусты екі айналы антенналарда ғана жасалады.

2.6 GPS және INMARSAT заманауи байланыс жүйесінің негізінде автоматтандырылған бақылау және ақпараттық жабдықтау жүйесін жасау

Бүгінгі күнде өзекті мәселелердің бірі халықаралық және қалааралық, елді мекендерде тасымалдау кезінде автокөлікпен ақпараттық жабдықтау мен бақылау жүйесін жасау болып табылады. осы кездерде әртүрлі жобалар жасалуда. Бұл дипломдық жобада «СКАТ» деп аталатын автокөлікте бақылау жүйесін жасаумен байланысты жоба ұсынылады.

Жүйенің мақсаты ҚР территориясының барлық жеріне таралған (дискретті және үздіксіз) бақыланатын кеңістік жасау мен республика аумағында тасымалдау құралдарын тиімді басқару үшін бақыланатын кеңістікте бақылау нысаны ретінде тасымалдау құралдарын қосу болып табылады. мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді жүзеге асыру қажет:

- елді мекендерде, халықаралық және қала аралық тасымалдау кезінде автокөлік қозғалысының қауіпсіздігін арттыру мен ұйымдарды жетілдіру;
- тасымалдау құралдарын (тонау мен айдап әкету) заңсыз пайдалануды болдырмау мен олардың түгелдігін қамтамасыз ету;
- транспорттық заңдылық пен жол жүру Ережесін сақтауды бақылау; ірі қалаларда жолаушылар тасымалын диспетчерлендіру;
- автомобиль жолдарын оңтайлы әрі тиімді пайдалану;
- ақпараттық қызмет көрсетушілерге авто көлікпен тасымалдау және көлік құралдарын сақтауды қамтамасыз ету.

Бұл жоба ақпараттық қамтамасыз ету мен бақылау жүйесінің келесі типтерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

Халықаралық және қалааралық тасымалдау кезінде көлік құралдарының қозғалысын ақпараттық қамтамасыз ету мен бақылау жүйелері.

Қазақстанның қалалары мен елді мекендерінде автокөлік құралдарын есепке алу мен бақылау жүйесі;

- жолаушыларды тасымалдау кезінде (автобус, маршрутты такси және т.б.) автокөліктерді бақылау жүйесі;
- айдап әкетілген автомобильдерді ұстау мен жедел іздестіру, табу жүйелері;
- арнайы көлікті бақылау жүйесі;
- көлік тұрақтары мен қолма-қол ақшасыз төлем жасауды ақпараттық бақылау жүйесі.

«СКАТ» жүйесі қолдануда мол тәжірибеге ие болған жәннен келесі жұмыстарды жүзеге асыруға арналған:

- Көлік құралдарын тонау мен айдап әкетуде заңсыз пайдалануды анықтау және оған жол бермеу;
- Қала жолдарында апаттар мен күтпеген жағдайлар туралы сәйкес қызмет көрсетушілерге хабарлау мен ақпарат алу;
- Қала мен оның маңындағы аймақтардағы жолдарда көлік құралдарының қозғалысын есепке алу және автоматты түрде бақылау;
